



## МҰРАЖАЙ, КІТАП ЖӘНЕ ҚОҒАМ

Мұражайлардың қоғамдық-тарихи мағынасын ашып, рухани және материалды мәдениет негізінде саналатын кітап мұражайы туралы бүгінде көп айтыла бермейді. Қымбат қазына саналар кітап мұражайының тарихы сонау орта ғасыр кезеңін қамтығанымен, әлемде саусақпен санарлықтай он шақты музей ғана кітап және кітап ісінің тарихынан хабардар береді. Мәселен, Германия, Ұлыбритания, Чехия, Бельгия және Ресей кітап мұражайлары дүние жүзінде сирек кездесетін кітап жәдігерлерімен ерекшеленеді.

Қазақстанда алғаш рет дәл осындай бастама яғни, «Кітап мұражайы» 2014 жылдың желтоқсан айында Тұңғыш Президент күніне орай ашылды.

2014 жылы құрылғанына 10 жыл толған ҚР Ұлттық академиялық кітапханасы бұл идеяны бірінші болып қолға алды. Кісіні рухани байытатын маңызы бар мәдени орталықтың ашылуы оқырмандарды осылайша жағымды жаңалыққа бөледі. Мәдени кеңістікті құруда қазіргі заманға сай жұмыс жасауы сол себептен мекеменің басты міндеттерінің бірі болып саналады. Енді кітапхана есігін ашқандарға тек кітап оқу мүмкіндігімен қоса, рухани талғам жасау қажеттілігі туындамақ. Оқырмандары күн санап артып келе жатқан кітапхананың басылым қоры бүгінде бір миллионнан асып отыр.

### **Кітап және қоғам**

«Кітап – алтын сандық» деп бабаларымыз айтқандай, қай заманда болса да кітап оқу адамзат баласы үшін ой-өрісін кеңейтуге, рухани жан тазалығын сақтауға керек-ақ. Кісінің эстетикалық талғамын қалыптастыруда зор рөл атқаратын және тәрбие құралы болып саналатын кітаппен ерте жастан дос болғанның көзі ашық, көкірегі ояу. Адам баласының сан ғасырлық ақыл-ойының жемісі іспеттес рухани таза байлығы. Тегінде кітапты таңдап оқи білудің өзі өнер екен. Ал оны ішкі жан-дүниеңмен түйсініп, алған әсерді қажетіңе жарата біліп, Шекспирдей данышпан айтқандай кітаптың тақтан да қымбат екендігіне көз жеткіземіз. Кітапқа және кітапханаға деген көзқарас дұрыс қалыптаспайынша, адамның жасына сай таным-түсінігі шамалы болуы әбден мүмкін.

## **Әлем кітап мұражайлары**

Жоғарыда айтып өткеніміздей, кітап мұражайы дүние жүзінің ең ірі мемлекеттерінде жақсы дамыған. Кейбір деректерге сүйенсек, кітап мұражайы ең алғаш рет Германияда 1884 жылы ашылыпты. Бұл музейде содан бері бағалы қағаздар мен кітап мәдениетінің үлгілері, қағаздың бірнеше түрлері мен хаттар, сондай-ақ, бірнеше мыңдаған кітаптар сақтаулы. Бұдан да басқа, кітап саудасының тарихы, архивтік құжаттар және кітап ісіне қажетті материалдардың бәрін кездестіруге болады. Кітапжәне қағаз тарихын зерттеу жұмысымен музейдің ғылыми қызметкерлері айналысады. Сондайақ, кітап суретшілері мен елдегі ғылыми орталықтармен музей қызметкерлері жұмыс істейді. Германия мемлекетінде бұдан да басқа Гутенборг және Клингспор мұражайы да халыққа қызмет етеді.

Ұлыбритания кітапханасы 1973 жылы Лондонда ашылды. Бұл мұражайда да жалпы кітаптардың тарихы, мәселен, әлеуметтік, техникалық және көркем әдебиеттері орын алған. Кітап қоры он бес миллионды қамтиды. Бұл кітап музейінде шыныдан жасалған мұнара бірден көзге түседі. Баспадан тұңғыш рет шыққан Гутенберг Библиясы мен атақты суретші Леонардо до Винчидің күнделігі, Шекспирдің қолтаңбасы да осы жерде. 2006 жылы музейде Моцарттың 250 жылдығына орай композиторға арнайы бөлім ашылды. Музыкалық шығармаларын жазған оның шағын ғана күнделігін де осы бөлімде кездестіруге болады.

1983 жылы Сирек кездесетін және тұрақты кітап экспозициясы мекемесінің негізінде құрылған Ресей мұражайында өте бағалы кітаптармен бірге кітаптық емес материалдар қоры бар. Музейдегі кітаптар қажетті ақпараттар ретінде, білім алу және таратумен қатар мәдени мұра болып танылады. Музейдің коллекциясы әртүрлі. Ескі папирустармен қоса, магниттік және дискеттік тақталар, дискеттер, микрофильмдер және көптеген ақын-жазушылардың кітаптарын да көруге болады.

«Халық хат жазуының ескерткіші» аталатын кітап музейі Чехияда орналасқан. Аталмыш музейде чех әдебиетінің өткен ғасырдағы тарихынан сыр шертіп, қажетті құжаттармен танысуға мүмкіндік берілген. Кітап қоры бес миллионнан асып, оның жүз мыңы фотосуреттерден құралған. Баспасөз беттеріне шыққан мақалалар да қойылған. Музейдің мақсаты – чех әдебиетін насихаттау. Шетел мұражайларымен бірлесе жұмыс істейді. Көп жағдайларда музейге елге танымал ақын-жазушылар, суретшілер өздерінің қолтаңбалары мен фотосуреттерін қалдырып жатады. Чехияның Моравия қаласында да кітап мұражайы жұмыс істейді. Музейдегі кітап қоры 65 000 басылымға жеткен.

## **Қазақстандағы кітап мұражайы**

Еліміздегі кітапхана мұражайы жайлы айтсақ, бұған дейін сирек кездесетін кітап мұражайы Алматы қаласында орналасқан «Ғылым ордасы» РМК-ні айтуға болады. Бұл мұражай 2010 жылдың 1 маусымында құрылған. Мұнда XVIII-XIX ғ.ғ. мен XX ғ. 40-жылдар аралығын қамтитын 500- ден астам сирек кездесетін кітаптар мен қолжазбалардың мол қоры жинақталған. Еліміздің ең алғашқы табылған жазба тас ескерткіштерін атап айтатын болсақ, Қола дәуірінің белгісі Шығыс Қазақстанда табылған «Ақбауыр» ескерткіштері, «Манат» жазу-сызу өрнектері, Павлодар маңындағы Жасыбай-Өлеңті және т.б.

Ал, Астана қаласында ҚР Ұлттық академиялық кітапханасының жанынан құрылған «Кітап мұражайы» да елімізде сирек кездесетін кітаптарды қорғау және сақтау, қолжазбаларды жинақтау және қағаз түрлерін пайдалану істерімен айналысу міндетін қолға алуда. Алтын түсті таға мен ағаш бейнесінде өрнектелген жәдігерлер де мұражай залына көрік беріп тұр. Музейдің салтанатты ашылуы 2014 жылы 1 желтоқсанда Тұңғыш Президент күніне орай ұйымдастырылған болатын. Сөз арасында айта кетейік, Мырзатай Жолдасбековтің жеке кітапханасы да осы Ұлттық академиялық кітапханадан орын тепті.

Кітаптың білім шамшырағы мен болашақтың энергиясын бейнелейтіні бар. Кітаптың энергия және білім көзі, шамшырақ, жарық пен жылулықты береді. Кітап адамды қуанытып, тыныштандыра алады. Кітап оқу – рухани жетілуге, адам тәнінің

саулығына, яғни адам ғұмырының ұзақ өмір сүруіне де пайдалы екендігін бұл күндері ғалымдар дәлелдеп жүр. Кітапсыз тәлім-тәрбие мен ілім-білімнің орны бос қалатынын ескерсек, «Кітап – білім бұлағы, білім – өмір шырағы» деген дана сөздің жайдан-жай айтылмағанына куә боламыз. Қалыптасқан күнделікті өмір тіршілігінде адамның ойын байытып, білім нәрімен сусындататын мекеме ол тек қана кітапхана десек артық айтқандай болмаспыз.

Білімнің қайнар көзі болып табылатын, адам рухын сақтайтын, өзін-өзі тануға жетелейтін де осы кітап. Адамды тәрбиелейтін басты әрі қуатты құрал екенін ескерсек, кітап оқу арқылы адамның Отанына, туған еліне, жеріне, отбасын сүйуге бағытталған қадамының бірден-бір тірегі болып саналса керек. Ендеше, рухани байлыққа жеткізер асыл қазыналы кітап оқудан ешқашан жалықпағанымыз дұрыс.

Кезінде бір данышпан айтқан екен: «Кітапхана тірі болса – халық та тірі, ол өлсе – біздің өткеніміз бен болашағымыз да өледі». Керемет айтылған сөз емес пе?! Олай болса, еліміздегі бірді-екілі кітап мұражайының одан да көбірек болуын тілеймін

**Ү.Д. МҰҢАЛБАЕВА**

Педагогика ғылымдарының докторы, ЮНЕСКО және ИСЕСКО істері жөніндегі

Ұлттық Комиссияның мүшесі